



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 33 (7917)
Жұма,
12 тамыз 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

★ РЕСПУБЛИКАДА

Елбасы Түркия Президентімен келіссөздер қорытындысы бойынша бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді

Нұрсұлтан Назарбаев екіжақты ынтымақтастықтың, сондай-ақ, өңірлік және халықаралық күн тәртібінің мәселелері қаралған кездесулердің жемісті өткеніне тоқталды.

Түркия — Қазақстанның ең жақын әрі сенімді саяси және экономикалық әріптестерінің бірі. Бүгінде ортақ тарих пен рухани мұраға негізделген қарым-қатынасымыз өрістей түсуде. Байланыстарымыз бірте-бірте ілгерілеп, қазір стратегиялық сипатқа ие болып отыр. Қазақстан бауырлас түрік халқына үнемі толық қолдау көрсетеді және әрқашан қол ұшын беруге дайын. Бұл сапар екі елдің қарым-қатынастарын одан әрі нығайта түсуге септігін тигізеді деп сенемін, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы келіссөздер барысында сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы өзара іс-қимыл бойынша бірқатар уағдаластыққа қол жеткізілгенін де атап өтті.

— Қазір елімізде түрік капиталының қатысуымен 1600-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Түрік бизнесінің өкілдері жаңа елордамыздың құрылысына белсене атсалысты. Түрік компаниясының өкілдері бүгінге дейін елімізде 20 миллиард доллар көлемінде мердігерлік жұмыстар атқарып, 460 нысан пайдалануға берілді. Елдеріміздің арасындағы тауар айналымы өткен жылы 2 миллиард долларды құрады, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Р.Ердоғанның өткен жылғы Астанаға сапары аясында қабылданған «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасының маңыздылығына тоқталды.

— Біздің міндетіміз — өзара тауар айналымын 10 миллиард долларға жеткізу. Бағдарлама аясында жалпы құны шамамен 813 миллион долларды құрайтын 20 инвестициялық жобаны іске асыру қарастырылған. Түркияның инфрақұрылымы дамыған маңызды транзиттік ел екенін ескеріп, мен бауырлас түрік халқын «Нұрлы Жол» бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысуға шақырдым. Осыған орай, Қазақстан-Түркия индустриялық аймақтарын құру жұмыстары аса маңызды. Бұл қадамдар екі елдің экономикалық әлеуетінің әрі қарай дамуына серпін береді, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі бойынша жаппай күш жұмылдырудың маңыздылығына да назар аударып, біздің еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне өтуіне қолдау көрсеткені үшін Түркияға алғыс айтты.

— Жаһандық сын-сынақтар мен қауіп-қатерлер арта түскен алмағайып заманда Қазақстан мен Түркия әлемдік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін күш жұмылдыруға дайын. Осы орайда біз XXI ғасырдың басты кеселі — терроризмге қарсы үзілді-кесілді тойтарыс беруге келістік. Елдеріміздің арасындағы әскери және әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық орнықты дамуда, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті мәдени-гуманитарлық саладағы екіжақты ынтымақтастық үнемі ілгерілеп келе жатқанын атап өтті.

— Келесі жылы Астанада «Болашақ энергиясы» тақырыбымен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтеді. Бұл ауқымды шара баламалы энергетика саласындағы инновация мәселесіне арналған. Мен бүгін Түркия басшылығын, бизнес өкілдерін және бауырлас түрік халқын осы шараға қатысуға шақырдым, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында Қазақстан-Түркия қарым-қатынастарының әрі қарай нығайтудың әлеуеті зор екеніне тоқталды.

Сондай-ақ, біздің республикамыздағы қазақ-түрік лицейлерінің жұмысына қатысты мәселе де қаралып, тараптар өзара түсіністік тапты.

Р.Ердоған Қазақстан Президентіне Түркия мен Ресейдің қарым-қатынасын қалыпқа келтіруге күш салғаны және тарихи сапары үшін тағы да алғыс айтып, түрік халқы үшін күрделі болып отырған кезеңде мұндай қолдаудың дер кезінде көрсетіліп отырғанына тоқталды. Сонымен қатар ол Нұрсұлтан Назарбаев Түркиядағы әскери төңкеріс жасау әрекетінен кейін бұл елге келген алғашқы мемлекет басшысы екенін атап өтті.

akorda.kz.

■ Қысқа даярлық

КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАН КҮДЕРІҢДІ ҮЗБЕ, ӨЗІҢ ДЕ ҚАРАП ҚАЛМА...

Ауданның коммуналдық шаруашылығының қызметкерлері айтқандай күнтізбелік жоспарға сәйкес бекітілген 20 тамызға дейін нысандарды жылумен қамту және жылу жүйелерін жүргізу жұмыстары аяқталуға жақын. Қазіргі уақытта жылу тұтынушылар нысандарын жылуды қабылдауға даярлаулары тиіс.

ТҚШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жол-



дары бөлімінің мәліметі бойынша, жылу беру маусымына дейін ауданда 62 қазандықты, 13,1 шақырым жылу және 108 сумен қамту жүйелерін, 33 су қысымы мұнараларын тексеруден өткізіп, жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Ауданда жылу беру маусымы сырттағы ауа температурасы қандай болса да, тура 15 қазаннан басталады. Бұл күнге жылу тұтынушылар коммуналдық шаруашылықпен бірлесе отырып, 62 білім беру нысанын, 42 мәдениет ошағын, 47 денсаулық сақтау нысандарын және 13 көппәтерлі тұрғын үйлерді даярлау қажет. Мамандар алдағы жылу беру маусымына 22802 тонна мөлшерде тас көмір қажет екендігін анықтаған, оның ішінде, 1302 тонна бюджеттік салаға, 9500 — қазандықтарға және 12000 тоннадан астам тұрғындарға қажет таскөмір әкеліне бастады.

— 1 тамыздағы мәлімет бойынша білім беру саласында 60 нысан жылу қабылдауға әзір, — дейді бөлім басшысы Станислав Гаврилов.

— Қазіргі уақытта Майемер және Ақсу ауылдарында екі мектеп күрделі жөндеуден өткізілуде. Сондай-ақ, қысқа 42 медициналық пункттер әзірленді. Ал, көппәтерлі үйлер тұрғындарының 69 пайызы ғана жылу беру маусымына даярланып үлгерді.

Жөндеу жұмыстары жайлы айта кетсек, 2014 жылдың күзінде көппәтерлі үйлердің бірқатары аталмыш бағдарлама бойынша жөндеуден өткізілді. Олардың кейбіреулерінде канализация жүйесіне қатысты мәселелер бар екендігі анықталды. Үлкен Нарын ауылындағы Абылайхан көшесінде №77,79,111, Амангелді көшесінде №78 үйдің тұрғындары канализация жүйесінің жұмыстарына наразылықтар білдіруде. Бұл әріне тұрғындардың кінәсінен де, сапасыз жұмыстың кінәсінен де болып отыр.

Екіншіке орай, аудан орталығындағы коммуналдық шаруашылықта барлық құрал-жабдықтары бар кәсіби сантехниктер бригадасының, арнайы техниканың жоқтығының салдары деуге болады. Сондықтан-да, адамдар тіпті бұл саладан айтарлықтай хабары жоқ жеке тұрғындарға жүгінуге де тура келеді. Канализация жүйесіндегі сапасыз жүргізілген жұмыстарға

қатысты С.Гаврилов былай деді: бөлім мамандары терможаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға жауапты басқармаға хат жолдаған. Нәтижесінде, Станислав Викторовичтің айтуынша, мердігерлік ұйымның кепілдемелік міндеттемелері бойынша таяу күндерде ауданға арнайы мамандар келіп, нашар жұмыс істейтін канализация жүйелерін тексеруден өткізбек. Өйтпегенде тұрғындар кондоминиумдар ресімдеп, жөнделген жұмыстар бойынша несие төлеп, жертелелер мен канализация жүйелерінен шыққан қолқаны жаратын жағымсыз иісті иіскеуге мәжбүр.

Жылу беру маусымына даярлау бойынша жүргізілген шаралар аясында агротехникалық колледж қазандығы мен Катонқарағайдағы үш қазандықта жұмыстар жүргізілуде. «Нарын Сервис» ЖШС-нің мәліметі бойынша қыс айларына 13,1 километр жылу жүйесі даярланған. Ағымдағы жылға жоспарланған 6,7 км су құбырларының 5,5 километрі қысқа әзір.

Айта кетерлік жайт, облыс әкімі Даниал Ахметов биылғы жылғы шілдеде ауданға келген сапарында Үлкен Нарындағы орталық қазандықта болды. Ол өткен жылы салынып, пайдалануға берілген.

Сондай-ақ, жылу жүйелері де өзгертіліп салынды. 2015-2016 жж. қыс көрсеткендей, қазандықтың аудан орталығын жылумен қамтуға қуаты



жеткілікті, дегенмен, тас көмірмен қамтамасыз етуде шешілмеген мәселелер бар. Ауданның коммуналдық шаруашылық саласының мамандары Даниал Кенжетайұлына 3240 тонна көлемінде коммуналдық қазандықтар үшін екіайлық нормативтік қорды алу үшін жәрдемқаржы бөлуді өтінген еді. Өйткені, «Нарын Сервис» ЖШС атқаратын құрылыс жұмыстарының көлемі биылғы жылы күрт азайған, сондықтан да, кәсіпорынның меншікті қаржысы есебінен қазандықтарды қажетті таскөмірмен қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ.

Аймақ басшысы бұған қатысты жергілікті билікке техникалық-экономикалық және құқықтық негіздеу жүргізуді тапсырған. Мұны ТҚШ мамандары мен заңгерлер тез арада жүзеге асырды. Мәселе қаралуда.

Сондай-ақ, Үлкен Нарындағы Дамитов атындағы жаңа мектеп ғимаратын орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу үшін ұзындығы 250 метр болатын қосымша жылу беру жүйесінің құрылысын қаржыландыруға да құжаттар әзірленуде.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

■ Жалпыға бірдей еңбек қоғамы

Бос лауазымдар жәрмеңкесі

3 тамызда аудандық Мәдениет үйінде бос лауазымдар жәрмеңкесі өткізілді. Жұмысқа орналасуға ниет білдірушілер көп болды. Ал оны ұсынушылар – онан да көп болды. Білім беру, денсаулық, жеке кәсіпкерлік саласынан қырықтан астам жұмыс берушілер жиналды.

Жәрмеңке 2013 жылдың 22 қарашасында мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген қыркүйек айының соңғы жексенбісінде атап өтілетін еңбек күніне орай өткізілді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жастар ресурстық орталығымен бірлесе ұйымдастырған бұл шараға аудандық әкімдік, білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық орталық және ауданаралық ауруханалар, ауылдық жерде еңбек етуге ниет білдірген, жұмыссыз азаматтар шақырылды.

Бос лауазымдар жәрмеңкесіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі көктеректік Надир Ғалиев, жалпы профильді менеджмент Сымбат Тоқтабаева, математика пәнінің мұғалімі Бағжан Дәзілханова, Әлішер Баташев және басқа да көптеген жас мамандар қатысты. Бұл жастарды біріктіретін нәрсе – олардың өз аудандарына пайдасын тигізуге ниет білдіргендері. Жәрмеңке жұмысына қатысқан аудан әкімінің орынбасары Ділдар Қалиқан жас мамандарға сәттіліктер тіледі.

Экономика және қаржы бөлімінің маманы М.Бөлекбаев жәрмеңкеге қатысушыларды «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасымен таныстырды. Аталмыш қаулыға сәйкес ауданда денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және агроөндірістік кешен саласында ауылдық жерде еңбек етпек

болған мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі. Оларға 70 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы, 150 АЕК мөлшерінде бюджеттік несие

әрбір жас маман Отан игілігі үшін еңбек етуге тиіс.

– Меніңше, бүгінгі бос лауазымдар жәрмеңкесі аудан жастарына жасалған



беріледі. Сондықтан, жас маман мен бағдарлама әкімшісі арасында жасалған келісім-шарт бойынша ауылдық жерде 3 жыл жұмыс істеп, өмір сүру керек.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі аралықта бағдарламаның 211 қатысушысына 25289 мың теңге көтерме жәрдемақы берілген. Осы кезеңде 99 адам 197994 мың теңгенің бюджеттік несиесін алған.

– Біз, мектептердің кешегі түлектері еліміздің әртүрлі оқу орындарында таңдаған мамандықтарымыз бойынша білім алдық. Мемлекет жастар үшін жақсы жағдайлар жасауда, біз бұл үшін ризашылығымызды білдіреміз және

үлкен қолдау. Бұл арқылы біздің әрбіреуіміз мамандығымыз бойынша жұмыс таба аламыз деп сенемін, – деді заңгер мамандығын игерген Дархан Құмарбеков.

Онан соң, сөз кезегі медицина қызметкерлеріне берілді. С.Байгереева аудан орталығындағы ауруханаға кейбір мамандардың, Маймер ауылына медицина қызметкері, бағдарламалық қамтамасыз ету операторы, қамту қызметкерлерінің жетіспейтіндігін атап өтті.

– Жұмыс істеу үшін барлық жағдайлар жасалған. Қажетті құрал-жабдықтар бар. Биылғы жылы 6 жаңа жеделжәрдем көлігін алдық. Тұрғын үй

де бар, еңбекақы да жоғары. Аудандық орталық ауруханаға келіңіздер!», – деді С.Байгереева.

Катонқарағайдағы ауданаралық аурухананың бас дәрігерінің міндетін атқарушы Маргарита Нұржақыпова ауруханада 30 дәрігер, 120 орта буын медицина қызметкерлері жұмыс істейтіндігін айтты. Дәрігердің еңбекақысы 156 мың теңге, орта буын медицина қызметкерлерінің еңбекақысы –95 мың теңге. Ауруханаға жалпы тәжірибе дәрігері мен офтальмолог қажет екендігін атап өтті.

Жәрмеңкеге қатысушылар алдында сөз сөйлеген білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғ.Көшенова ауданда 43 мектеп бар, олардың 28 – орта, 13-і – негізгі бастауыш мектептер екендігін атап өтті. Оларда 3796 оқушыны 827 мұғалім оқытады екен. Әйтсе де, ұстаздар саны оның ішінде география, математика, ағылшын, қазақ және орыс тілдерінің, физика мен биологияның, бастауыш сыныптардың, тарих пен информатика пәндерінің ұстаздары жеткіліксіз.

Шара барысында жұмыспен қамту қызметінің мамандары тұрғындарды жұмыспен қамтуға ықпал ету мәселелері бойынша кеңестер берді.

Өткізілген бос лауазымдар жәрмеңкесі 46 жас маманға – олардың ішінде 36 – ұстаз бен 3 – дәрігерге жұмысқа орналасуға көмек көрсетті, бес жұмыссыз жастар тәжірибесінен өтуге жолдама алды.

Татьяна Самойлова.

Суретте: аудандық орталық аурухананың бас дәрігері С.Байгереева жас дәрігерлерді жұмысқа орналастыру туралы келісім-шартқа қол қоюда.

■ АЛТЫН АЛТАЙ

ОМАРТАШЫЛЫҚ МАҢЫНДАҒЫ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТ



Ауданда «Алтын Алтай - аймақ дамуының басты байлығы» атты ауқымды жобаны жүзеге асыру аясында «Климов» шаруа қожалығының аумағында Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан елдерінің атақты шеберлері мен суретшілерінің қатысуымен осымен екінші рет «Көшпенділер» атты ленд-арт симпозиумы өткізілуде.

Айта кетерлігі, ақжарқын және қонақжайлы Вера Павловна Климованың омартасы орналасқан ауданымыздың ең көрікті жерлерінің бірін шара ұйымдастырушылары кездейсоқ таңдап алған жоқ. Мұнда табиғатпен, қоршаған ортамен біте қайнасқан Ленд-арт (табиғи ландшафт) өнерін жүзеге асыру үшін барлық жағдай бар. Өйткені, бұл жанрды жанына серік еткен суретшілер тек қана табиғи дүниелерді пайдаланады. Ал бұл – әдемі таулар мен ормандар, шөпті көгалдар және сарқырап тау сулары құйылып жатқан ағынды Бұқтырма өзені.

Минсктен келген суретші Дмитрий Зайцев – қайыңның қабығынан бұйымдар жасаудан шебер. Ол биылғы жылы өткізіліп жатқан симпозиум қатысушыларының көбін біледі. Өйткені, өткен жылы Қазақстан аумағында алғаш рет өткізілген «Берел» тарихи-қорық мұражайында Патшалар жазығында өткен «Көшпенділер» ленд-арт симпозиумына бірге қатысқан. Сондықтан, ол бүгін де ағаштан ойып жасау шеберлері Зырян ауданынан келген Олег пен Маргарита Якубовичтер, тасқа көркем сурет салумен айналысатын Бішкектен келген Марина Громова,

Ярославльден Михаил Бекетов және Москвадан келген Алексей Шеболдаев сынды атақты суретшілермен бірігіп жұмыс жасайтынына өте қуанышты екенін жеткізді.

– Біз негізінде өткен жылғы құрамымызда келдік, – дейді Дмитрий. – Мұндағы табиғат өте әдемі, шығармашылық қиялдарды жүзеге асыруға толық жағдай бар. Біз шығармашылық ленд-арт кеңістігін құрудамыз. Өйткені, өнердегі бұл ағым көркемдік бұйымдарды жасауды ғана емес, оны жергілікті жерге, табиғи ландшафтпен, яғни, таспен, арықпен, ағашпен үйлестіру болып табылады. Бұл, жол-жөнекей арт-нысандар орнатылған туристік жол болмақ.

Үстінде аралар ұшып жүрген аюдың үлкен басы, ағаш үстіндегі құстың ұясы, көгалда жайылып жүрген бұзаулар, ешкілер, қаз және қабан шошқа, балық аулап отырған бақалар... Табиғи материалдардан жасалған



мультипликациялық фильмдердің кейіпкерлері, сонымен қатар, алып тастардағы рельефтік суреттер, мұның бәрі шараның басты мақсаты – ауыл туризмін дамыту, жергілікті тамаша табиғатқа назар аударту болып табылады.

Марина Громова әртүрлі рельефтік суреттер салынған бірқатар кішкентай өзен тастарын көрсетті. Бұлардың



бірінде табиғат аясындағы үйлердің бейнесі болса, бірінде – қызықты аңдардың немесе ақ сақалды қарт қойшының суреті салынған.

– Мен Ленинград қаласының тумасымын, бүгінде Бішкек қаласында тұрып жатырмын, – деп әңгімесін бастады ол. – Көбінде суретті тастарға салам, оны өшпейтін акрил бояуларымен бояймын. Менің бағытымдағы суретші тасқа көркем сурет салу үшін тастың бедерінен-ақ, болашақ суретін көріп, елестету керек. Біз мұнда «Экологиялық туристік орталық «ТЭК» қоғамдық жастар ұйымының директоры және «Алтын Алтай - аймақ дамуының басты байлығы» жобасының аумақтық менеджері Наталья Блохтың шақыртуымен келдік. Бізге бірігіп жұмыс жасау өткен жылдан ұнаған, ол кезде біз осы топпен қорық-мұражай үшін Берел жазығындағы жәдігерлерді жасағамыз.

Суретшілердің көбі әлі де мұнда қалып, 14 тамызға дейін жұмыс жасамақшы. Бұл күні Вера Павловна Климованың омарташылығында «Медовый Спас» мейрамы өткізіледі. Сол кезде шеберлердің туындылары кең көлемді шара қатысушыларының назарына ұсынылатын болады.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



КҮШ-ҚУАТЫМЫЗДЫ ИГІ ІСТЕРГЕ ЖҰМСАЙЫҚ

ҚР Мәжіліс Парламентінің депутаты Ирина Сергеевна Унжакова аудан кәсіпкерлерімен кездесті.

Кездесу диалог түрінде өтті: ауыл тұрғындарының әсіресе, әйелдердің жұмыспен қамту мәселесі көтерілді.

- Бизнесің жол карта-сы бойынша зор қаржы бөлінеді. Қаржы мемлекеттен бөлініп жатыр, бірақ, ешқандай қайтарым жоқ, деді Ирина Сергеевна. - Біз Президенттің Ұлт жоспары – 100 нақты қадам идеясын алға жылжытуға тиіспіз.

И.С. Унжакова кездесуде депутаттық корпусының жұмысы, Қазақстан дамуының стратегиясы, жерге, шағын несиелеуге, табиғат пайдалануға қатысты гендерлік саясат мәселелері жайлы әңгімеледі.

- Бүгін біз жергілікті өзін-өзі басқаруға зор көңіл бөлеміз, жергілікті қауымдастық мүшелері өз құзыры шеңберінде жергілікті маңыздағы мәселелерді шеше



алады. Ал біздің міндетіміз – бұл органның рөлін арттыру, - деді депутат.

Кездесу соңында кәсіпкерлер бірқатар сауалдар қойды, депутат бұл сауалдарға нақты жауаптар қайтарды.

Өз тілшіміз.
Сурет Е.Брайконікі.

КОРОБИХА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ДОРЖАНОВ ДОСЖАН МҰХАМЕТҚАЛИҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚР заңдылықтарын, «Қазақстан - 2050» даму стратегиясын, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын және Қазақстан Республикасының басқа да бағдарламалық құжаттарын басшылыққа ала отырып, алды-ма төмендегідей міндеттер қоямын:

- ауылшаруашылығын, кәсіпкерлік пен туризмді дамыту бағытында ҚР Мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына ықпал етемін;

- әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде округ аумағындағы қоғамдық ұйымдар мен қоғамдастықтың бірлескен іс-қызметін жүзеге асыруға ықпал етемін;

- Коробиха, Барлық және Үшбұлақ ауылдарының тұрғындарын «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ауыз-сумен қамтамасыз ету мәселесін шешемін;

- округ ауылдарындағы жастарды ауылшаруашылығын және туризмді дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға тартамын, жаңадан бастаған кәсіпкерлерге өз бизнесстерін дамытуға

жеңілдетілген несиелер алуға ықпал етемін;

- жастардың толыққанды мәдени демалысын ұйымдастыруға ықпал етемін;

- жолдардың жағдайын жақсартуға, көркейту, көгалдандыру, округ ауылдары ішінде көшелерді жарықтандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге бар күшімді саламын;

- округ аумағындағы ауылдарда ветеринарлық қалыпты жағдайды ерекше бақылауға аламын;

- жұмыссыздарды жұмысқа орналас-тыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға күш саламын;

- дөңді-дақылдарды өсіру үшін қолда бар жыртылмалы жерлерді пайдалануға, ауылшаруашылық кооперативтерін құруға және ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысатын шағын кәсіпорындар құруға ықпал етемін;

- аталмыш кәсіпорындар мен туристік бизнесті дамыту үшін инвестиция тартуға ықпал етемін.

Құрметті жерлестер!

Мен бағдарламамда көрсетілген барлық міндеттемелеріме қол жеткізу үшін ба-рынша күш саламын және Сіздердің қолдауларыңызға сенемін.

Құрметпен, Досжан Доржанов.

■ ӨНЕГЕ

БЕЛГІЛІ БОКСШЫ НАЗЫМ ҚЫЗАЙБАЙМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

5 тамыз күні Катонқарағай ауылындағы Ленин атындағы орта мектебінде



аудандық Жас Отан жас-стар қанаты мен Жастар ресурстық орталығы, соны-мен қатар, аталмыш білім беру мекемесі ұжымының ұйымдастырулары мен әйелдер арасындағы әуесқой бокстан тұңғыш қазақстандық әлем чемпионы, Қазақстанның үш дүркін, Әлемнің екі дүркін жеңімпазы, халықаралық деңгейдегі спорт шебері Назым Қысайбаймен кездесу өтті.

Аталмыш игі шараға Назымның Катонқарағайдағы

туған-туыстары, (иә, иә... атақты былғары қолғап шеберінің нағашылары біздің ауданның тумалары екен, атап айтсақ, анасы Кәмшат Ахетқызы Катонқарағай ауылынан 10 шақырым жердегі көршілес Жаңа-Үлгі ауылында туып-өскен), ауылдық Ленин және Рыков мектептерінің ұстаздары мен оқушылары, Жас турист бекетінің ұжымы, аудандық мәслихат депутаттары, Катонқарағай мен Үлкен Нарын ауылдарындағы аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектептерінің жас шәкірттері мен жаттықтырушылары, басқа да ауыл жастары мен құрметті адамдар қатысты.

Кездесу барысында халқымыздың мақтанышына айналған Назым Қысайбайға жастар тарапынан бірнеше сауалдар қойылып, мағыналы пікірталасу өрбіді. Назым да әңгімеден тартынып қалмай, барынша риясыз сырласа білді. Ең бастысы, келген жастарға үлкен үлгі-өнеге көрсетіп, рухтарын жігерлендіріп кетті. Кездесуге келген қонақтар - аудандық мәслихат депутаты, кәсіпкер Ертай Кешілбаев, Ленин атындағы

орта мектебінің балалар бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Оралхан Тобылов және тағы басқа азаматтар ел чемпионына жүрекжарды тілектерін жеткізді.

- Мен қарапайым отбасында дүниеге келдім. Өмірге ұл келеді деп күтіп жүргенде көйлек киер қыз келіпті. Тіпті қыз болды деп әкем біраз уақыт ренжіп жүріпті де. Бәлкім, боксқа, спортқа келуімде осы жағдайлардың әсері болған шығар?! Бала кезімнен асық ойнап, одан қалса төбелеске араласып өстім. Себебі, қыздардан гөрі ұл балалармен ойнағанды көбірек ұнаттым. Футбол мен баскетбол ойнағанды жақсы көрдім. Алматыда спорт мектебі ашылғанда, бастапқыда баскетболға барамын деп келіп едім. Кейіннен бір құрбым бокс туралы айтқаннан кейін таңдауымды өзгерттім. Бұл шешіміме, бүгінде еш өкінбеймін. Онан бөлек, бала кезімде таэквандомен де айналыстым. Біздің сол кездегі жаттықтырушыларымыз Кореяның өзінен келіп дәріс беретін. Кейіннен сол бапкерлер қайтадан өз еліне қайтатын болғандықтан, бұл спорттан кетуіме тура келді. Алғашқы рингке шыққан кездері, жинаған әр тәжірибем жадымда. Ережені жақсы білмегендіктен, жасалған қателіктерім де көп еді, - деп күліп еске алды На-

зым.

Кездесу соңында аудандық Жас Отан жастар қанатының өкілдері, Ленин атындағы орта мектебінің директорының міндетін атқарушы Гүлжан Төлегенова Назым қарындасымызға жастармен кездесуге келіп, тәлімді сұхбат

ширақтығына да сөз жоқ. Оның себебі - көпшіліктің сұрауы бойынша Назым рингтегі бірнеше әдіс-тәсілдерін де көрсетті.

Осы кездесуден соң көпшілік Назымды іштей жақсы көріп қайтты. Бәрінің айтқаны: қандай сүйкімді жан, өте тәрбиелі қыз екен десіп жатты.



бергендігі үшін зор алғыс білдіріп, қонаққаде ретінде арнайы алғыс табыстап, естелік сыйлық тарту етті.

Онан бөлек, чемпион қызымыз Ленин мектебіндегі жұмыс жасайтын балаларға арналған бокс үйірмесімен танысты. Талдырмаш қыздың

Ашық та ақжарқын қыздың әңгімесін естіген қалың көпшілік бір маркайып қайтты. Жарқын белестерді бағындыра бер, Назым! Жеңіс шыңынан ешқашан түспегейсің!

Тимур Смағұлов.
Сурет автордікі.

■ ӘДЕП КЕҢЕСІ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

2016 жылғы 26 шілдеде Т.Қ. Жұмағұловтың төрағалығымен ҚР Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментінің Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтіп, оның барысында 2 тәртіптік іс қаралды.

Отырыс барысында «ШҚО құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ (ары қарай-Басқарма) жобалық-сметалық бөлім басшысы М.А. Сулейменоваға қатысты тәртіптік іс, Басқарманың лауазымды тұлғаларының заң бұзушылық әрекеттеріне қатысты «Востокагропромпроект» ЖШС түскен шағым негізінде қаралды.

Сот шешімі және зерттеліп жатқан жағдайға талдау, сонымен қатар бұл іске қатысы бар тұлғаларды қосымша сұрастыру нәтижелері бойынша, зерттеу қорытындылары жобалық-сметалық бөлімнің басшысы, Басқарманың конкурстық комиссия мүшесі М.А. Сулейменованың іс-әрекетінде «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-б. 1-т. 4-т. сәйкес, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс іс-әрекеттің болғандығын көрсетті.

Тәртіптік істі қарау нәтижесінде әдеп жөніндегі кеңес мүшелері «ШҚО құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ басшысына «ШҚО құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің жобалық-сметалық бөлім басшысы М.А. Сулейменоваға қызметіне толық сәйкес еместігі туралы тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс қабылдады.

«ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер Департаментінің Өскемен қаласының мемлекеттік кірістер басқармасы» басшысының орынбасары Т.С. Смағұловқа қатысты, ШҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро Департаментінің (ары қарай-сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қылмыстық құқық бұзушылыққа және басқа заңдылықтың бұзылуына жол беретін жағдайларды жою жөніндегі ұсынысы негізінде тәртіптік іс қаралды. Т.С. Смағұловтың заң бұзушылық әрекеттері тоқтатылған қылмыстық іс материалдарымен және қосымша қатысты бар тұлғалардың түсініктемелерімен расталды.

Сонымен қатар, тоқтатылған қылмыстық істің және ШҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің Т.С.

Смағұловқа қатысты ұсынысын зерттеу қорытындысы оның жасаған әрекетінде «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңымен және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексімен қарастырылған тәртіптік теріс әрекет бар екендігін көрсетті.

Істі қарау нәтижесінде ҚР қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер Комитетінің ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер Департаментінің басшысы Б.К. Айнабековке «ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер Департаментінің Өскемен қаласының мемлекеттік кірістер басқармасы» басшысының орынбасары Т.С. Смағұловқа «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 49 бабы және ҚР Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсанда №153 Қаулысымен бекітілген, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін сөгіс жариялау түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері бойынша
Министрлігі Департаментінің
баспасөз қызметі.



«УБА» ШИПАЖАЙЫ- АРДАГЕРЛЕРГЕ ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ

«Уба» шипажайы жайында көп жарнама жоқ. Дегенмен, Өскемен қаласынан онша қашық емес, Шемонаиха ауданының суы да нұйы да мол табиғаты өсем

отырылған шипажай болса,- дейді емдеу орыны директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Айжан Мұхамедиева -

емдеу, массаж, спорттық жаттығулар жасау сияқты қызмет түрлері бар. Жергілікті жерлердегі аурухана берген жол-дамамен келушілерді

отырған мемлекетімізге, облыс басшыларына үлкен ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, шипажайдың бүкіл еңбек ұжымына, оны сауаттылықпен басқарып отырған басшылығына да айтар алғысым шексіз. Олар мені емделуші ретінде ғана қабылдап қоймай еліме, жеріме, халқыма сіңірген еңбегімді де ескеріп, өздерінің Құрмет тақтасына да енгізіпті. Мұнда еңбек ететін медициналық қызметкерлердің барлығы да білікті, шетінен мәдениетті, инабатты. Соның өзінен-ақ ем алмай көңілім өсіп, марқайып қаламын.

Бұл сияқты ризашылық сезімдерін емделушілер шипажайдың ұсыныстар мен шағым кітабына да көптеп жазған екен, Семей өңірінің бір ақыны «Уба» шипажайына арнап өлең жазыпты. Оны Жаңабай Өшімов басқаратын облыстық ақсақалдар кеңесінің жанынан құрылған «Атамұра» ансамбілі биылғы маусым айында шипажайдың емделушілеріне барған сапарларында ән ғып орындап та берді.

«Уба» шипажайын облыс басшылары ешқашанда



жеріне орналасқан оған келушілер көп. Толықтай облыстық бюджет есебінен ұсталынып отырылған осы бір емделу-демалу орнына шамамен жылына төрт жарым мың адам барып, денсаулықтарын түзетеді. Демалушылары негізінен Ұлы Отан және ауған соғыстарының ардагерлері, Чернобыль апатының зардаптарын жоюға қатысқандар, тыл еңбеккерлері, мемлекетке ерекше еңбегі сіңген және зейнет жасындағы адамдар. Олар жолдаманы тұрғылықты жерлеріндегі тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімнен кезекке тұрып алады. Үш және төрт қабатты етіп салынған корпусстардағы екі-үш кісілік бөлмелерге бір қабылдауда екі жүз адам орналасады. Шипажайға он- он екі күнге емделуге- тынығуға келгендерге барлық қолайлы мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасалынған. Ем-домдарын қабылдағаннан кейін жарық та жылы бөлмелерінде жатып дем алама, кітапханаға барып өздері ұнатқан әдебиеттерді оқи ма, әлде спортзалға барып снарядтарда жаттығулар жасайма немесе жеке бөлмеден теледидар бағдарламаларын тамашалайма әркімнің еркі өзінде. Күнде кешкі сағат сегізде акт залының есігі айқара ашылып мәдени кештер өткізіледі. Онда емделушілер мен демалушылар мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастырушылардың күнібұрын жасаған бағдарламасы бойынша би билеп, ән тыңдайды. Шипажай қонақтарының арасындағы өнерлі адамдар да ескерусіз қалмайды. Ақындардың поэзия, әншілердің ән кештері ұйымдастырылып, көпшілікке насихатталады.

Емделушілер мен демалушыларға шипажай асханасының үш уақыт ұсынатын ыстық ас мәзірі де дәрумені мол тағамдарға бай. Республикамыздың алты-ақ облысында толықтай мемлекет қаражатымен ұсталынып

соның бірі осы «Уба» шипажайы. Ол жетпісінші жылдарда осындағы бір колхоздың бастамасымен ашылып, Кеңес өкіметі құлап, мемлекеттік меншік таратылғанша тек ауылшаруашылығы қызметкерлеріне, онда да осы маңайдағыларға қызмет етсе керек. Ол кезде бір ретте емделіп, демалатындар саны жүз адамнан аспапты. Олар

қабылдаған білікті дәрігер-терапевтер Любовь Ивановна Костина, Наталья Владимировна Толмачева ем тағайындайды. Сол тағайындауларды қатаң ұстанған балшық бөлімінің аға мейірбикесі Светлана Лисяк, су бөлімінің мейірбикелері Светлана Елизарова, Наталья Колмагоровалар емделушілерге сапалы қызметтер көрсетіп шипажай ережесінің қатаң



үш қабатты ескі корпусқа орналастырылған екен. Еліміз тәуелсіздігін алып, өз еркі өз қолына тигеннен кейін шипажайды облыс өз қамқорлығына алып жұмысын қайтадан жандандырыпты. Сол бетте ескі корпусқа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оның жанына төрт қабатты жаңа үй салып шипажайдың мүмкіншілігін кеңейтіп, материалдық-техникалық базасын нығайтқан. Содан бері ол жалпы облыстың жоғарыда аталып өткен дәрежелердегі тұрғындарына тегін қызмет етіп келеді. Бүгінде шипажайда барлығы 135 адам еңбек етіп өз отбастарының нәпақасын тауып отыр.

Шипажайда емделушілерге көрсетілетін медициналық қызмет түрі де саналуан. Яғни, мұнда қозғалыс мүшелерін балшықпен сылап немесе парафинмен, тұзды су ваннасымен, тыныс жолдарын заманауи құралдармен

сақталынуын қамтамасыз етеді.

Шипажайда Н. Горобец, Е. Николашина, Т. Белькова, Н. Маткенева, Т. Гулько сияқты массаж жасаушылардың қызметтерін пайдаланушылар қатары да бір сиремейді. Бес-он жылдан бері еңбек етіп келе жатқан білікті мамандар келушілерді жылы қабылдап, барлық ықыластарымен денелерін сылап-сипап сырқаттарынан айықтыру үшін білімдерін де күшжігерлерін де жұмсайды.

- Мен оншақты жылдан бері,- дейді Ұлы Отан соғысының ардагері, бұрынғы Самар және Күршім аудандарының Құрметті азаматы, Семей қаласының тұрғыны Ахметкерім Ахмадиев - осы шипажайда денсаулығымды түзетіп келемін. Ең алдымен біз сияқты қарияларға мұндай қамқорлықты жасап

назардан тыс қалдырмаған екен. Жылына мұнда кем дегенде екі-үш рет келіп, емделушілердің жағдайларын өз көзімен көріп, олармен сұхбаттасып, іштей сыр түйіп кететін бұрынғы аймақ басшысының іс-тәжірибесі бүгінде өз жалғасын тапқан. Жақында ғана облыс әкімі Д. Ахметов мұнда арнайы іссапармен келіп, шипажайдың қызметкерлерімен, оның емделушілерімен әңгімелесті. Өзінің қорытынды сөзінде Даниял Кенжетайұлы бүгінгідей қиын экономикалық жағдайда да емделу орынының ұсталынуы еш өзгеріссіз қалатындығына, ардагерлерге шипажайда денсаулықтарын түзетуге, дем алуға мемлекет тарапынан қамқорлықтың жасала беретіндігіне көпшілікті сендірді.

**Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.**

■ Білім беру

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ ӨЛШЕУСІЗ ...

Әлемдік өркениетке қадам басқан еліміздің бүгінгі білім беру саласындағы бағыты - терең білімді, тілдерді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының филиалы ШҚО ПҚ БАИ ықпалымен орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсы Үлкен Нарын ауылында ұйымдастырылды. Осы ұйымдастырылған курсқа аудан мектептерінен 30 мұғалім қатысты. Он бес күн бойы теориялық біліммен сусындатып, түрлі тренингтер мен жаттығу жұмыстарын өткізген топ тренері Манашева Еркежан Қайырдықызының іскерлігі нәтижесінде курс жоғары деңгейде өтті.

Мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериялы бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Осы бағдарлама аясында әріптестеріміздің ой - пікірлері де сан алуан болды. Бастауыш сынып мұғалімі А. Мұқанова: - Жаңартылған білім беру бағдарламасы құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Білім оқушыларға спиральді қағидатпен беріліп, бағалау критериялық бағалау жүйесінде өтеді. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, оқушының ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады. Бағдарлама оқушының төрт дағдысын жетілдіруге бағытталған, - деді.

- Жаңартылған білім беру маңыздылығы оқушы қолайлы білім алуға, зерттеу жұмыстары, топпен жұмыс жасау, шығармашылық жұмыс жасау, модельдеу, АКТ қолдану ерекшеліктерін меңгере алатынын байқадым, - дейді А.Қабанбаева.

Г. Мусинова жаңартылған білім беру бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгеріп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш тілде ұйымдастырған. Көп тілді оқу ортасын құрудағы әр пән қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл саясат өте дұрыс. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімді игеру барысында оның белсенді іс- әрекетін ұйымдастыру оқу үрдісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі деп, өз пікірін айтты.

Жаңа бағдарламаның өзгешелігі - бағалау жүйесінде, үш тілдік саясат, сабақ жоспарын әр сабақта әртүрлі стратегияларды қолдана отырып, сабақтың сапасын арттыру, оқушылардың мүмкіндіктерін шектемей, керісінше, зерттеп-зерделеуге мүмкіндіктер беру керектігін білдік. Сұрақ қою, білім беру спираль бойымен жеңілден күрделіге қарай өсетінін, тапсырмаларды оқушылардың өздері орындайтындай етіп жоспарлауды үйрендік. Жаңадан жаратылыстану пәні енгізіліп, бұл әртүрлі зерттеу жұмыстарына негізделген, оқушының бойында табиғатқа, заттардың қасиеттеріне, жер және ғарыш, жаратылысқа деген қызығушылықтары арттырады.

Қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өзбетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

**А. Қажубекова
бастауыш сынып мұғалімі,
Жазаба негізгі орта мектебі.**

■ Тарих толқынында

Қадыр ат спортын дамытуға зор үлес қосты



Қадыр Нұрқанов жайлы әңгіме қозғалса Жаңауыл ауылы тұрғындарының қай-қайсысы болсын оны өзіне жақын тартады. Ол ауылдастарына тура мінезімен, адал еңбегімен, айналасындағылардың мұң-мүдесімен күн кешетін азаматтық болмысымен жаққан. Қадыр Құмашұлы көп жылдан бері ауыл биі, медиатор, Катонқарағай ауылдық округі жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып ауылдастарының ауызбірлігін сақтауда, егде жастағы адамдардың әл-ауқатын төмендетпеуде жан-тәнімен беріле жұмыс істеп келеді. Қ. Нұрқановқа жоғарыда аталып өтілген қасиеттерден

болып жұмысқа кірген ол інілері мен қарындастарының нәпақасын да тауып оларға ағалық та, ата-аналық та жан жылуын бере білді. Азаматтығын бағалаған Мария Құсайынқызы да оған адал жар, жақсы серік бола алды. Мектепте мұғалім болып істейтін ол Қадырдың іні-қарындастарын өздерінің жалғыз ұлдары Раджанмен бірдей көріп, жақсы ұстады. Ер жеткізіп, оқытып-жеткізіп, өз алдарына түтін түтеткізді.

Таудай талабы бар ол үй тұрмысы жағдайына байланысты жоғары білім ала алмаса да өз қатарынан әлдеқайда сауатты болды. Сол білім, сол жұмыс тәжірибесімен жұмысын ақсатпай он жылдай уақыт Катонқарағай механикаландырылған орман шаруашылығында орманшы, он бес жыл «Алтай» совхозында қойма меңгерушісі, бір жыл Жаңауыл бөлімшесінің басқарушысы болып еңбек етті.

Алайда Қадыр Нұрқановты ауылдастарынан басқа жұрт іс-қызметімен емес, білгір атбегі ретінде жақсы біледі. Жүйрікті іште жатқанынан танымаса да тай күнінен тап басып танып, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап бәйге аттардың бағын ашып жүр. Мәселен, Самардың атақты атбегісі Ш. Шайырғазиннің өзі Қадырды қадір тұтады.

Қ. Нұрқановтың ол жаққа бара қалғанын естисе болы іздеп жүріп

қойылғанды. Сонымен не керек тәуекелге бел будық. Жарыс комиссиясы мен малдәрігерлерінен көзіне түсірмеу үшін аттың мойнына бойтұмарға ұқсатып шыт байлап, жасырып жүрдік. Олар біздің бұл қулығымызды біліп қойған жағдайда сақау жұқпалы ауру болғандықтан бізді жарыстан шеттететін еді. Бақ болғанда ешкім мұны сезбей қалды. Жарыста көк ат төртінші келіп, жүлделі орынға ілікті.

Қамыс құлақтары төбесіне шаншылған, алды биік арты аласа, кеудесі даладай Көкжорға ат емес сурет еді. Бауыры қызып жорғалап кеткенде шапқан атқа

өткізілген республикалық жарыстарда алдына қара түсірмей жүрген Ақсуаттың Еркежирені мен Бошай Кітапбаевтың атақты Тайжирені де қосылды. Жиырма шақырымдық аламан бәйгеде он төрт жасар Торытөбел соңғы айналымда қырық бес аттың ішінен суырылып шығып, Тайжирен мен Еркежиреннен оқ бойы озып, көмбеге жұлдыздай ағып бірінші келді. Шыңғыстайдан жанкүйер болып барған сексен жастағы Кенжебай Әлімжанов ақсақал Торытөбелдің шабысын көргенде: - Иә, аруақ! Катонқарағайдың топырағынан қасиет



жеткізбейтін, артқы екі аяғы қос қолтығына тиетін жүйрік-ті. Сол үшін Қадыр көкті бәйге түсерде екі түрлі: алдыңғы аяқтарын бүршікті, артқы аяқтарын бүршіксіз тағалармен тағалататын.

Сол Көкжорға ат қартайып, жайлауда ауырып өлді. Мал болмасын білседе Қадыр оған пышақ тигізген жоқ. Ит-құсқа жем қылмай терең қазып көмді де басына тастан белгі қойды.

Көкжорғамен қатар Қадырдың даңқын шығарған ат - Торытөбел. Оны Қ. Нұрқанов алты жасар кезінде черновалық орман қорғаушылар мінезі шадыр деп, етке жібергелі жатқан жерінен алып қалған болатын. Сол Торытөбелден де атышулы жүйрік шықты. Облыс көлемінде өткен жарыстардан Қадырдың жүлдесіз қайтқан кезі аз. Ол кезде бәйгеде қазіргей үлкен жүлделер тігілмейтін. Бір парақ мадақтама қағаз бен ары кетсе 100-150 сом салынған конвертке атбегілер мен шабандоз бала маркайтын. Атбегілер бәйге аттарын қазіргей дүние жинау үшін емес Тайбұрылдар мен Құлагерлерден көз жазып қалмау, ұлттық ойындарымызды сақтап қалу, ең соңында жандарына бәйгеден ләззат алу үшін ұстайтын. Қадырға осы екі атын да сол кезде ақшаға сат немесе жеңіл көлікке айырбаста деп келушілер де көп болды. Қадыр оларға келіспеді. Ол материалдық игіліктен рухани байлықты, рухани қанағаттанушылықты жоғары санады. Бәйгеде, ұлттық спортқа деген адалдығын сақтады.

Төрт облыстық спартакиада топ жарған Торытөбелдің өте жүйрік ат екендігі 1988 жылы Тарбағатай ауданының орталығы Ақжарда өткен ауыл-село спортшыларының VI облыстық спартакиадада көпшілікке танылды. Осы жарысқа Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарында, Орталық Қазақстанда

кетпепті. Жүйріктеріміз де бар екен, - деп көзіне жас алыпты. Тарбағатайдағы жарыстан кейін Торытөбел шаппады. Жарты жолға жеткенде басын төмен салып адымын ашпайтын болды. «Атқа көз тиді», - десті үлкендер.

Бұдан кейін де Қадыр Нұрқановқа Алааяқ, Бұйражал, Жирен атты жүйріктер бітті. Өкінішке орай, олардың бірі де Қадырға Көкжорға мен Торытөбелдей қуаныш сыйлай алған жоқ. Алааяқ бос жүріп-ақ мертігіп қалды, ал Жирені толысып, дер бабына келгенде қолды болды.

Жасының еңкейгендігіне қарамай Қадыр Нұрқанов қазір де жүйрік іздеп, баптауға бар. Облыс көлеміндегі машинасының доңғалағы жеткен жердің барлығына барып жүйрік қарайды, сынады. Оның арманы - жақын қашықтыққа шабатын тыз етпе жүйріктерді емес, бір күншілік жерге шапса да болдырмайтын қазақтың нағыз қазанатын тауып, оның өзгелерден артықшылығын дәлелдеу.

Жақында ол ауылдық әкімшілік үйіне әдейілеп келіпті. Қолында облыстан шығатын мерзімдік басылымдардың бірнеше саны мен атжарысынан түсірілген ескі фотосуреттер, Ақжарда өткен ауыл-село спортшыларының алтыншы спартакиадасында алған медалі бар.

-Осы жұрт тарихты бұрмалауға неге құмар?, - дейді Қ. Нұрқанов. - Жетпісінші-сексенінші жылдардағы ат бәйгесі туралы «Дидарда» беріліп жүрген мақалалардың кейбірі шындыққа жанаспайды. Мына материалдар соның дәлелі. Мен ат спортын дамытудағы еңбегім ескерусіз қалды деп ренжіп жүргенім жоқ. Атсүйер қауым бағасын маған баяғыда беріп қойған. Менің іздейтінім әділдік. Тарихты бұрмаламау.

Қ.Нұрқановтың осы сөзімен мен де мақалаға нүкте қойдым.

Жәнібек Қызыр.



өзге принципшілдік, қиянатқа төзбеушілік сияқты мінезді де өмірдің өзі дарытты. Өйткені оны тағдыры басынан сыйпамады. Ұлы Отан соғысы аяқталысымен бір жылдан кейін дүниеге келген онда балалық шақ болған жоқ. Ес біле бастағаннан бастап майданнан бір қолынан айрылып келген әкесіне болысып қолынан айыр мен күрек түспеді. Енді ер жетіп, етек жеңімді жидым ба дегенде анасы, бір жылдан кейін әкесі қайтыс болды. Армия қатарында жүріп оларды өз қолынан арулатып, қойғыза да алған жоқ. Өзіне өмір берген, ең жақын адамдары алдындағы перзенттік парызын өтеп мұсылмандық жолымен бір күрек топырақ та сала алмағанына Қадыр әлі күнге өкінеді. Әскери мерзімін бітіріп, елге оралғаннан кейін ағайынның қолында қалған алты баланы жинап алды. Бұл кезде қарындасының ең кішісі Айнагүл небәрі екі-ақ жаста болатын. Рухы мықты, қайсар жігітті тағдырдың бұл сыны тұқыртса да жасыта алмады. Солдат гимнастеркасын шеше салысымен мектепке шаруашылық ісінің меңгерушісі

үйіне апарып, сәйгүліктерін сынадады. Күреңбайкөз Қадыр Нұрқанов таңдап берген оның жүйріктерінің бірде-бірі додалы үлкен жарыстардан жүлдесіз оралған жоқ. Туа біткен сыншылық, ерінбейтін атбегілік қасиеттерінің арқасында Қадыр Нұрқановтың өзі де талай рет қуанышқа кенелді.

Катонқарағайлық Ерқаш Сыдықовтан құлынды биеге айырбастап алған көк жабағысы бестісінде бүкіл ауданға, одан кейін облыстың атқұмарларына танымал ақпа жорға болды. Қазақ КСР-інің елу жылдық торқалы тойына Қадыр Нұрқанов Көкжорғамен облыс спортшыларының туын ұстап барды.

- Қас қылғандай Алматыға жүрер кезде атымның тамағынан сақау-жара шыққаны білінді, - деп еске алады Қ. Нұрқанов. - Облыстағы спорт комитетіндегі жігіттер бар, бәріміз енді не істейміз деп қатты састық. Тамақтан шыққан жара атты еркін тыныстатпайтыны белгілі. Апармайық десек облыста сынақтан өткен екі аттың бірі - Көкжорғаны жарысқа қатысады деп алдынала Алматыға хабарланып



Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, қайда мол

қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де бұл кесел айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалық актілер қабылданғаннан бергі уақыт ішінде мемлекетімізде осынау дертке қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде біздің мектебімізде де нақты жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы білім ордасы бойынша кешенді шаралар жоспары қабылданып бекітілген. Нәтижесі де жаман емес. Сыбайлас

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚАУІПТІ ҚАТЕР

жемқорлық көбінесе жұмысқа алуда, басқа жұмысқа ауыстыруда, біліктілік санын арттыруда болатындығы ескеріле отырылып, мектебімізде осы аталған жұмыстар тек арнайы құрылған комиссиямен шешіліп келеді. Комиссия өз жұмысын коллегиялдылық негізінде жүзеге асырады. Сонымен қатар ұстаздардың іс қызметтерін реттейтін арнайы ережелер жүйесі жалпы жиналыста қабылданып, бекітірілді. Онда педагог қызметкерлерге өз оқушыларына ақылы қызмет көрсетуге, әртүрлі сылтаулармен ақша жинауға қатаң тыйым салынған.

Мектебіміздің кіре беріс дәлізіне арнайы стенд орнатылған, ол жерден оқушылар мен ата-аналар, ұстаздар құқықтық көмек ала алады. Онда мектептен бастап, облыстық деңгейге дейінгі сенім телефондары көрсетілген. Сонымен қатар мектепте сенім жәшігі орнатылып, оған түскен материалдар қатаң түрде есепке алынып,

әрқайсысына белгілі бір уақыт ішінде жауап беріледі.

Ұстаздар қауымы оқушыларға құқықтық тәрбие беруде көптеген шараларды жүзеге асыруда. Жылына екі рет арнайы шаралар апталықтары ұйымдастырылады. Апталық кезінде құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Суреттер көрмесі, шығармашылық сайысы, қабырға газеттерін шығару тұрақты дәстүрге айналған.

«Ауруын жасырған өледі» демекші, біз де сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздікпен қарап, оның алдын алу шараларына көп көңіл бөліп отырмыз.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік мекеменің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, білік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары

мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асыру баршамамыздың міндетіміз. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмал, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Сонда ғана халқымыз еркін тыныстап, молшылықта еш алаңсыз өмір сүретін болады.

Фархат Нуртазин.

Катонқарағай ауылы, Ленин атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

■ Тарих толқынында

НОВОБЕРЕЗОВКАНЫҢ ТҰЛПАРЛАРЫ

(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында.)

ЖИДЕБАЙДАҒЫ ЖАРЫС

1987 жылдың күзінде Семей облысы қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің туғанына 90 жыл толуына арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды. Алғашқы күні облыс орталығында салтанатты мәжіліс өтті. 2015 жылы 7 ақпанда алтыншы рет ұстаған жүрек талмасынан өмірден өткен белгілі қазақстандық жазушы, көсемсөзші, аудармашы, сыншы және әдебиеттанушы Герольд Бельгер мұны былай деп еске алады: «...Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданы Ленин атындағы ұжымшар төрағасы, соғыс ардагері, Социалистік Еңбек Ері Б.К.Кітапбаевтың тым еркін, риясыз, көрнекті баяндамасы ерекше жылы қабылданды. Ол қазіргі қазақ әдебиетіне, М.О.Әуезов шығармашылығына және оның ұлттық сана-сезімді дамытудағы рөліне дөңдей енген білімімен жарқырай көрінді. Бірде орысша, бірде қазақ тілінде қызғылықты сөйледі. Сыртта оны байқап қалған жазушылардың бірі сүйніп: «Колхоздың бір төрағасына он профессорды айырбастаймын» деді. Сосын барлығы бірдей бірегей шешенді құттықтады. Көрші облыстың атақты ұжымшар төрағасы сүйікті жазушысының салтанатына өзі ғана келмепті, алдағы ат жарысына қатысатын арғымақтарын да ала келген екен».

Салтанатты мәжілістің үзілісте Б.Кітапбаевты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы З.К.Камалиденов жылы шыраймен құттықтады. 1986 жылы желтоқсанның басында Алматыдағы соңғы кездесуінде олар қазақ жазушыларының шығармашылығы тақырыбын да қозғаған еді. Өйткені, 1986 жылғы әдебиет саласындағы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын беруге ұсынылғандардың іріктеу барысында бірінші кезеңнен кейін белгілі прозашы, тарихи романдардың авторы Әбіш Кекілбаев пен біздің жерлесіміз, жазушы, драматург, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Оралхан Бөкеев қалды. Сол кездегі қолданыстағы ереже бойынша ұсынылғандардың біреуі ғана сыйлық иегері бола алады. Әңгіме барысында шахматтың үлкен әуесқойы ретінде Б.Кітапбаев, шахматтан өткен КСРО біріншіліктерінің біріндегі жағдайды еске түсіреді. 1974 жылы гроссмейстерлер Михаил Таль мен Александр Белявский турнир айналымының нәтижесі бойынша бірдей көлемде ұлай жинаған-ды. Сол кезде КСРО шахмат федерациясы екеуіне де қосымша матч өткізбестен ел чемпионы атағын береді. «Бұл өте қызықты пікір!» деді оның ұтқыр жауабына ризашылықпен күлген республиканың бас идеологы. Енді міне, Зақаш Қамалиденұлы Семейде Бошай Кітапбаевпен сәлемдескеннен кейін әдебиет бойынша мемлекеттік сыйлықтың екі жазушыға бөлінгенін жеткізді.

Келесі күні мереке жазушының отанында, Абай ауданының әкімшілік орталығы Қарауыл ауылынан қашық емес Жидебай жерінде жалғасты. Салтанатты шараны ат жарысы қорытындылады.

Жидебайдағы мерейтойдың ат спорты бағдарламасына қатысу үшін Ленин атындағы ұжымшар екі жылқы алып келген еді. Тайжирен аламан бәйгеге, ал Ақбақай екінші, қысқа қашықтықта өнер көрсетуге дайындалған. Бірақ, соңғы сәтте ұйымдастырушылар бір ғана бәйге өткізуге шешім қабылдады да, барлық қатысушыларға аламан бәйгеге қосылуға тура келді.

Сөреден бірден бес ат суырылып алға шықты. Оның ішінде Ленин атындағы ұжымшардың екі сәйгүлігі бар еді. Сондай-ақ Семей облысының Ақсуат ауданынан Еркежирен есімді жылқы болды. Қалған қатысушылар көшбасындағы тұлпарлардың үдей түскен шабысына ілесе алмай, алыстап қала берді. Қашықтықтың барлық тұсында Еркежирен өзінен еш қылқұйрықты оздырған жоқ. Осылайша, аламан бәйгені ұтып алды. Сәйкесінше, Ақбақай мен Тайжирен мәреге үшінші және төртінші болып келді. Былай қарағанда, нәтиже тым жаман емес. Себебі, бәйгеге Қазақстанның көптеген өңірлерінен үздік деген бірнеше ондаған тұлпарлар қатысты. Алайда аламан аяқталған соң да Б.Кітапбаев еш масаттанған жоқ, тоқмәйілісімі де, өйткені Тайжирен бұл жарысына мұқият даярланған әрі нағыз бабында болғанын.

Үйге қайтқан кезде ұжымшар төрағасы

көлікте екі шабандоз баладан аламанның қалай болғанын, басқа салт аттылар тарапынан қандай да бір қысым болған-болмағанын сұрады. Тайжиренге шапқан Жанболат Сүлейменов жеке басына ешкімнің зәбір көрсетпегенін, өйткені өздерінің басқа шабандоздардан қара үзіп кеткендерін айтты. Біздің аттардың екеуі де сыртқы шеңбермен шапқандарын, ал қалғандарының бәрі ішкі шеңбермен



айналғандарын жеткізді. Б.Кітапбаевтың нәліктен сыртқы шеңбермен шабуға шешім қабылдадыңдар деген түсінбеген сұрағына Жанболат сөреден көп ұзамай оларды милиция машинасы қуып жетіп, аттарының тағаланғаны себепті екеуінің сыртқы шеңберге ауысуын талап еткенін айтып жауап береді. Милиция көлігі біздің жүйріктерімізді қақпайлап, оларды ішкі шеңберден итеріп шығарған. Яғни, аттардың автокөлікке соғылмағанының өзі олжа деуге болады. Мінбе алдында шеңберлер бір жолаққа түйіседі де, бұрылыстан кейін қайта жарылады.

Сыртқы шеңбер көп жылдар бұрын салынған, ал ішкі жол осы жарысқа арналып төселген. Сірә, бұл толықтай бір мақсатта – 1985 жылдан бастап барлық жарыстарын жеңіп келе жатқан Тайжиренге тең емес жағдай тудыру үшін әдейі жасалған. Бізде нақты ресми мәліметтер жоқ. Дегенмен, Жидебайдағы ішкі шеңбер сыртқы айналымнан бірнеше жүз метрге қысқа. Бұл айырмашылық жағдайын шамамен Алматы орталық ипподромы жолының техникалық мінездемесіне пайдалануға болады. Айтпақшы, Тайжирен өз өміріндегі алғашқы ресми жарысқа 1985 жылы осы ипподромда шығып, аламан бәйгені ұтқан еді ғой. Бұл ипподромда сыртқы шеңбердің ұзындығы 2000 метрді, ал оған жалғас ішкі шеңбердің ұзындығы 1600 метрді құрайды. Ал Жидебайдағы ұзындығы бес шақырымға жуық шеңбермен аттар алты айналым жасаған болатын.

Ұйымдастырушылар біздің сәйгүліктерімізді көп жылдар бойы жерінің жоғары қабатын жел үрлеп, тастарын жалаңаштап тастаған шеңбермен куалады. Тайжирен тастақ топырақта аяғын зақымдап алып, төртінші аралықты қиындықпен аяқтады. Соңғы айналымның алдында ауруы тым батып кетсе керек, мүлдем тоқтап қалды. Бірақ шабандоздың қамшысынан кейін шабысын жалғады. Осы бәйгеден соң оның аяғын ұзақ емдеді, «Рахман қайнары» шипажайының радонды суларына де апарды. Алайда толығымен жазылмады. 1988 жылы Тарбағатай ауданындағы Ақжарда өткен облыстық спартакиадада Тайжирен ақсандап, жарыс жолынан шығып қалды. Бұл бәйгеде Катонқарағай ауданының «Алтай» кеңшарынан келген Ербол Бердіғожиннің Торытөбелі ұтты. Еркежирен (Ақсуат ауданы) мәре сызығын екінші, новоберезовкалық Жетімжирен үшінші болып аттады. Тамаша атбегілердің бірі Қадыр Нұрқанов баптаған ғажайып сәйгүлік Торытөбел Тайжирен шыққанға дейін облыстық спартакиададағы аламандарда өзіне тең келер жануар барын білмеген еді.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің мерейтойына арналған жарыс Тайжирен үшін қатерлі сын болды. Бәйге кезінде орын алған бұл жайттың адамның қарадүрсін арамзалығының бекзат жануарлар бәсіне де оярылқпен басып кіретінін көрінісі деуге болар. Осылайша, бестіден шығып келе жатқан Тайжиреннің тамаша жүйріктік дәуреніне нүкте қойылды. Тұяғынан жел гүлеген бұрынғы шабысты қалпына келтіру

мүмкін болмады.

ҚҰЛАНҚАРА

1985 жылғы аламанды Тайжиреннің жеңісі Ленин ұжымшары жүйріктерінің Алматы орталық ипподромындағы тұңғыш биігі емес еді. Осы жеңіс салтанатынан бір мысқал кем емес бұл ипподромдағы алғашқы тұсаукесер бұдан бұрын, 1970 жылы Қазақ КСР-нің 50 жылдық мерей-

тойына арналған республикалық бәйгеде орын алған болатын. Бұл аламанға әр облыстан іріктеуден суырылып шыққан бір жүйріктен қатысты. Шығыс Қазақстан облысы аңызға айналған Құланқараны қосты. Қазақтың әйгілі жазушысы Ғабит Мүсірепов Құланқараны кейін очерк жанрының классикалық үлгісіне айналған, республикалық «Лениншіл жас» жастар газетінде жарияланған «Бошайдың үш қарасы» шығармасына арқау етті.

Бәйге болатын күннің алдында Алматыда құн ысып, айнала қапырық болып кетті. Б.Кітапбаев жылқы жаратудың жазылмаған заңдылықтары бойынша бәйге басталардан жеті-сегіз сағат бұрын аламанға қосар атқа жем-шөп, су беруді тоқтататынын жақсы білді. Десе-дағы, атбегі Қожамсейіт Асантаевқа жарысқа шығар алдында жүйрікке бір шелек су беруді тапсырды.



Бәйге кезінде Құланқара екі рет алып қашып, шеңберден шығып кетті. Екі шақырымдық шектеулі кеңістікте ауыздығымен алысқан адуынды сәйгүлікті тізгіндеу он бір жасар шабандоз Валера Мартынға қиынға соқты. Дегенмен, аттың басы қатты екенін білетін тәжірибелі жаттықтырушы Қ.Асантаев екі ретінде де жылқыны шеңберге қайтарды. Құланқара да алға озған бәсекелестерін қуып жету үшін құстай ұшты. Құлашын кеңге жайған жылқы біраз тұлпарды тұтас айналымға артқа қалдырып, бірінші келді.

Жарысқа Ленин ұжымшарының Васька мен Санар атты жүйрік қаралары да қатысқан еді. Бұл баран аттар бес шақырымдық тегеурінді жарыста Дегерес жылқы зауытының жүйріктерімен көмбе сызығын құйрық тістестіре аттап, үшінші және төртінші орынды иеленді. Васька мен Санар көптеген жылдар бойы ұжымшар намысын бес, он шақырымдық бәйгелерде қорғап жүрді. Аудандық жарыстарда тұрақты түрде жеңіс тұғырынан көрінсе, облыстық спартакиадада бірнеше дүркін жүлдегер атанды.

КСРО-ның бас газеті «Правданың» спорт жаңалықтарына арналған бөлімінде Алматы қаласындағы ат жа-

рыс жөнінде мақала жарияланды. Жарияланым он алты шақырымдық бәйгедегі Валера Мартынның жеңісіне ерекше назар аударды.

Қаракөк Санар тұлпарды Б.Кітапбаев сол жылдары Үлкен Нарын ауданының «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының бөлімшесі болған Новополяковқа ауылындағы жергілікті май зауытының директоры Максим Санаровтың тақымынан көрген еді. Новоберезовкада тыңнан қосылған атқа айдар тағуға ешкім бас қатырған жоқ. Ал Васьканы қолда өскен деуге де болады. Фрунзе Жақсылықов оны жазда салт мініп, қыста шанаға жегетін. Сол кезде аттың ерен жүйріктігіне ұжымшар төрағасының назарын аударды.

Фрунзе Елғазыұлы Жақсылықов – 1931 жылы Катонқарағай ауданының Өрнек ауылында туған, ірі шаруашылық және мемлекеттік жетекшілерді өсірген Ленин ұжымшарының көрнекті шәкірттер шоғырының бірі. Ол ұжымшардың таулы белдеуде орналасқан үш ауылды біріктіретін өндірістік аумағына басшылық жасады. Бұл бөлімшенің қызмет ауқымы орта көлемдегі шаруашылықтан кем түспейтін. Яғни, облыстық партия комитетінің Фрунзе Жақсылықовты Самар ауданы Жамбыл атындағы ұжымшар төрағасы қызметіне ұсынуы бекер емес. Ал бес жылдан кейін оны аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына сайлады. 1978 жылы Күршім аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Сондай-ақ 1981 жылы ақпанда республикалық партия ұйымдарының XV съезінде Фрунзе Жақсылықов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланды. Еңбек Қызыл Ту және Құрмет Белгісі ордендерімен марапатталды, Катонқарағай, Күршім және Көкпекті аудандарының құрметті азаматы атанды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Маймер кенішінде жұмыс істеген оқушы кезінде алған «Адал еңбегі үшін» медалінің ең жас кавалері атағы өз алдына. Тынымсыз еңбекке үйренген ақсақал Өскеменнің қоғамдық өмірінен әлі де шет қалған емес.

1970 жылы қыркүйек айында Алматы ипподромында XIII Бүкілодақтық ұжымшар, кеңшар және жылқы зауыттары атбегілерінің жарысы өтті. Жарыстың бас төрешісі міндетін азаматтық

соғыс кезінде Бірінші Атты Әскерді басқарған Кеңес Одағының Маршалы С.М.Буденный атқарды. Ұлттық ат спорты түрлері бағдарламасы шеңберінде бәйгеге арналған ең ұзақ қашықтық 12 шақырымды құрады. Осы жарыста Ленин ұжымшарының тағы бір тамаша тұлпары Бұланқара жеңіске жетті. Ал Бұланқараға шапқан Ершок Саханов чемпиондық алтын медалмен марапатталды. Бұланқараның бапкері Огнево ауылының тұрғыны, белгілі атбегі Тұрған Қыстаубаев болатын.

1971 жылы жазда Семей облысындағы Қарауылдың маңында Абай Құнанбайұлының 125 жылдық мерейтойына арналған ат жарысы өтті. Қазақстанның барлық өңірінен сәйгүліктер қатысты. Бұл жарыс Ленин ұжымшары тұлпарларының ғажап жеңісімен аяқталды. Ат спорты жанкүйерлерінің есіне сала кетейік, Құланқара (шабандозы Валера Мартын) өзіне ғана тән шабыспен қарсыластарына қара көрсетпей, жиырма шақырымдық бәйгені ұтты.

Марат Кітапбаев.
Өскемен қаласы.

(Жалғасы бар)

Консерваторияда сыбызғыны үйреткен колхозшы

(сыбызғышы Оспанғали Қожабергенов туралы)

ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ

Қазақтың музыкалық аспаптарының ішінде өзінің байырғылығымен де, күйдің мол тартылатындығымен де назар аударатыны - сыбызғы. Бір қарағанда, сыбызғы қарапайым аспап болып көрінгенімен, үрмелі аспаптардың ішінде ең күрделі дыбыс шығаруымен ерекшеленеді. Шебер сыбызғышылар күй тарту барысында үш түрлі дыбысты үндестіру арқылы тыңдаушысын ғажайып әсерге бөлейді. Бұл дыбыстарды көнігі тыңдаушылар сыбызғы ұңғысының үні, ауыз жаңғырығы және сыбызғышы көмейінің үні деп ажыратып отырады. Сыбызғышы шеберлігі осы үш дыбысты шашау шығармай, күй сарынына бағындыра білуімен өлшенеді.

Сыбызғының дәстүрлі үлгісі курайдан жасалады. Ол үшін әрбір сыбызғышы өз тұтамын ғана өлшем етіп, сегіз тұтам курай кесіп алады. Сонан соң, тағы да өз қолын өлшем ете отырып, курайдың ұш жағын алады да, бірінші тесікті бел тұтамнан, екінші тесікті орта тұтамнан, үшінші тесікті бас тұтамнан тессе, күй тартуға келімділігі дәл болады. Бел тұтам-қолдың алақан тұсы, орта тұтам - алақанның саусақ бүгілер тұсы, бас тұтам-саусақтардың үш жағындағы буын тұсы. Яғни, бел тұтамнан гөрі орта тұтам өңсіздеу, орта тұтамнан гөрі бас тұтам өңсіздеу. Осыған орай, сыбызғы ұшынан бастап тескен тесіктердің арасы да бірте-бірте жақындатылып тесіледі.

Әр түрлі аспапта күй тартатын күйшілер бас қосқанда сыбызғы, қобыз және домбыраны үндестіріп күй тарту дәстүр болған. Мұндайда қобызшы мен домбырашы кезекті сыбызғышыға беріп, «кәне бастап көр» деп иек қағып, аспаптарының құлақ күйін сыбызғы дыбысына сәйкестендіріп алады. Оның себебі, сыбызғы дыбысының тұрақты құлақ күйде болғандығынан. Дәстүрлі үлгімен жасалған сыбызғыда көбінесе теріс бұрау күйлері тартылады.

Кез келген музыкалық аспаптың тағдыры тыңдаушыларына тікелей қатысты. Яғни, әрбір музыкалық аспапты белгілі бір ортада тыңдау дәстүрі, түсіну дәстүрі болады. Мұндай дәстүр музыкалық аспап пен тыңдаушы арасында дәнекер болатын ортақ «тіл» қалыптастырады. Ол «тілге» бойы үйренбеген, құлағы қанықпаған тыңдаушы музыкалық аспаптың дыбысына ұйымайды. Мұндайда сол аспапта тартылатын күйді түсінуі тіпті мүмкін емес.

Сыбызғы үнін қазақ тыңдаушылары туған даласының дыбысқа айналған тағдырындай қабылдап, ерекше бір киелі сезіммен тыңдайды. Көшпелі өмір салтында сыбызғыны, әсіресе, малшылар жан серігі еткен. Қазақ ертегілерінде сыбызғышылардың көбінесе бақташы болып кездесетіні сондықтан. Осы орайда, «сыбызғы жылқы малының азаны» деп келетін сөз тіркесі еске түседі.

**Белгілі ғалым – зерттеуші
А. Сейдімбек
«Қазақтың күй өнері» еңбегінен**

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБЫЗҒЫШЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Шығыс Қазақстан — сыбызғы өнерінің бесігі. Сыбызғы өнерінің бұл өңірде пайда болуынан бастап, ғасырлар бойы үзілмей сақталып, атадан балаға мұра болып жалғасып, бүгінгі күнге жетіп отырған өлке. Шығыс Қазақстанның сыбызғышылық дәстүрі аймақтық көлемі жағынан да кең ауқымды қамтыған. Оған асқар Алтай тауын жайлаған Шығыс Қазақстан облысы, Қытай қазақтары және Монғолияның Баян-Өлгей аймағын мекендеген қазақтардың сыбызғышылық мұралары жатады. Негізінде Қытай мен Монғолиядағы қазақтар кезінде заманның ықпалымен

екіге бөлініп, осы Шығыс Қазақстаннан жер ауып көшкендер. Олардың ата-бабаларының негізгі өмір сүрген тарихи отаны осы Шығыс Қазақстан өлкесі болып табылады. Шығыс Қазақстан сыбызғышылық дәстүрі Қазақстанды қосқанда Қытай, Монғолия сияқты үлкен үш мемлекеттегі қандастарымыздың ортақ географиялық тұрғыдан жеке-жеке орналасуына орай, сыбызғышылық өнерлері де әртүрлі орындаушылық ерекшеліктерге бөлініп, өз алдына дамып, өркендеп отырған. Еліміздің Шығыс Қазақстан облысындағы сыбызғы дәстүрінің тамыры сонау ертеден басталып, тереңнен сыр шертеді. Көне архаикалық үлгідегі аңыз күйлер де осы өңірде молынан сақталған. Аңыз күйлері «Көк бұқа», «Аңшының зары», «Бөкен жарғақ», «Жаралы ақ бөкен», «Жорға аю», тағы басқа да күйлер өздерінің аңыз-әңгімелерімен сонау көне дәуірлермен аттасып жатқан тарихи жәдігерлер.

Осыған қарағанда, күй өнерінің бұл саласы сыбызғы күй тартысының өңірде ерте заманнан бар екені белгілі болып отыр. XVII ғасырдан Тілекемен Жантеліден бастау алған сыбызғышылардың күй сайысы арасына уақыт салып, XX ғасырдың жиырма-сыныншы жылдары Шерубай мен Мұса, елу-алпысыншы жылдары Оспанғали мен Шанақ сынды өнерпаздар күй тартыс өнерін жалғастырып келгені тарихи айғақ бола алады. Сондай-ақ Алтайда қоныстас отырған қалмақтың Ұранхай, Торғауыт руларымен де қарым-қатынаста болып, сыбызғы тартысып, бір-бірлерінен күйлер үйреніп, өнер алмастырып отырған. Бұл тарихи оқиғалар туралы «Қазақ пен қалмақтың тартысы», «Екі Ұранхай», «Аққабаның толқыны» атты күйлердің аңыз-әңгімелерінде баяндалған.

Сыбызғышылықтың ірі тұлғалары XVI - XVII ғасырлардан белгілі болып, бұл өнер ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп, тұрмыстық салттымен бірге біте қайнасып, XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін үзілмей, жалғасып келді. Әсіресе XIX - XX ғасырда осы өңірде өмір сүрген сыбызғышылардың өмірбаяны мен өнері жайлы деректер біршама баршылық. Сол сыбызғышылық мектептің бізге белгілі болған ірі өкілдері Еңсебай (1855-1932), Мұса бақсы, Шерубай Орасайұлы (1880-1933), Сүлеймен Құттыгелді (1880-1932), Қалижан (1888-1964), Ғайса (1890-1953), Қалдыбай Мейменбаев, Оспанғали Қожабергенов (1906-1965), Биқан Шерубаев. Шанақ Ауғанбаевтар.

Сыбызғы дәстүрінің ұзақ уақыт жалғасуының белгісі осы өңірдегі сыбызғы үйрететін ұстаздардың сол уақыттарда көп болуы және ұстаз алдын көріп, сабақ алған шәкірттердің де молдығы. Бірнеше атадан сыбызғышылық өнерді жалғастырған әулеттердің барлығы. Мәселен, Шерубай сыбызғышының үлкен ұлы Батыр, екінші ұлы Биқан да ата жолын ұстаған сыбызғышы өнерпаздар болған. Шерубай, Сүлеймен, Мұса сияқты бірнеше шебер сыбызғышылардың алдын көріп, күй үйренген, ұстаз тұтқан шәкірттің бірі майталман сыбызғышы Шанақ Ауғанбаевты айтуға болады. Халық арасында «Үкілі бақсы» атанған Мұсаның шәкірті Оспанғали Қожабергеновтың сыбызғышылық өнерін академик Ахмет Жұбанов айрықша бағалап, алпысыншы жылдары консерваторияға дәріс беруге шақыртқаны да белгілі. Алпысыншы жылдары халық арасында сыбызғышы өнерпаздар сирей бастағанымен, сол

уақытта осы дәстүрді жалғастырушы соңғы өкілдері Биқан Шерубаев пен Шанақ Ауғанбаевтар болды.

Шығыс Қазақстан сыбызғышылық дәстүрінің Биқан Шерубаевтың орындауындағы халық күйлері «Жорға аю», «Айрауықтың ащы күйі», «Жалпақ торы ат» болса, Шанақ Ауғанбаевтың орындауында «Қазақ пен қалмақтың тартысы», «Есік алды балқурай», «Ертіс толқыны», «Қылаң батыр» атты күйлер. Ал Оспанғали Қожабергеновтың орындауында «Аққабаның толқыны», «Желмаяның желісі» атты күйлері бізге үн таспа арқылы жетіп отыр. Шанақ, Биқан, Оспанғали сынды шебер орындаушылардың тартқан біраз күйлері «Қазақтың 1000 күйі» атты антологиялық күйлер жинағына еніп, еліміздің музыкалық мұрасының алтын қорына қосылып отыр. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп халқымыз ер азаматтың тегінің таралуына үлкен мән берген. Оспанғалидың есімін екі ұлы, Мұхтар және Мұхтарқаннан тараған ұрпақтары алып жүр. Мұхтардан тараған немерелері: Айдархан, Әлімхан, Батырхан, Зияш, Зоя, Сәуле, Бақытжан. Мұхтарқаннан тараған немерелері - Әлия, Берікбол, Сәния, Самилә, Жәмілә, Мамилә, Серікбол, Мұнира, Кенжехан. Қазіргі таңда, 16 немереден тараған шөберелері (шөпшектері) түрлі салада қызмет етуде.

**Мұқашев Талғат Кәрібжанұлы,
өнертану кандидаты, Т. Жүргенов
атындағы Қазақ Ұлттық өнер
академиясының доценті.**

СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІНЕ ТҮСІНІКТЕР

«Аққабаның толқыны» — Бұл күй туралы екі дерек бар. Оның бірі - З.Қоспақов нотаға түсірген сыбызғыға арналған күйлерге берген қысқаша түсінік. Онда: «Күй Аққабә өзенінің ағысымен көтерілген толқынын суреттейді» делінген. Екіншісі - С. Бегалинның мәліметтерін (қазір Қазақ ССР Ғылым академиясында сақталады.). Күйде Керей руынан шыққан асқан сыбызғышы Мұса туралы баяндалады. Ол кісі жалғыз қызын ұзатқанда өзінің жақсы көретін атын қоса беріп жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң, Мұса қызының амандығын білуге бара жатып, жолда «Аққабаның толқыны» деген күйін ойнайды. Мұны жылқыда жүрген Мұсаның аты естіп, жылқыдан бөлініп, қуанышын білдіре ауылды айнала шаба бастайды. Тек Мұса ауылға келгенде ғана тоқталады. Аттың сырын білетін Мұсаның қызы: «Аттың ойнақтауына қарағанда менің әкем келе жатқан болуы керек» деген екен дейді.

«Ақсақ қой» Күй соңында ақсаңдап келе жатқан қойдың жүрісін суреттейді. «Балжыңгер» — Үлкен той ма, әлде аспап әйтеуір бір жиында осы қазақтың Балжыңгері мен жоңғардың Желмаясы жарысқа түссе керек. Марқакөлін айнала жарысыпты. Сонда жануар Балжыңгер Желмаяға қарасын көрсетпей, көмбеге бұрын келіпті. Бұған ыза болған жоңғарлар Балжыңгерге екі қоржын арттырып, тағы жарыстырыпты. Жануар тегі тұлпар тұқымынан болса керек, сірә, қазанға жаңа салған еттің қанды көбігі шыққанша сөрені үш айналып, озып келіпті. Содан әбден іші күйген жаулар айланып тауып, сол жолы Балжыңгерді өлтіріпті. Еліне абырой өперген атты жоқтап, қазақ «Балжыңгер» күйін шығарыпты.

«Бозінген» — Бұл музыкалық шығарманың негізінде халықтың жыр «Бозінген» туралы аңыз алынған. Бозінгенді иесі ботасынан айырып, керуеншілерге сатып жібереді. Бозінген ботасын жоқтап, зарлайды. Тұтқыннан құтылудың амалын іздейді.

Қазақтың талантты ақыны Ілияс Жансүгіров бала кезінде қобызшыдан «Бозінген» жырын естіген екен. Кейіннен бұл аңыз ақынның «Күй» деген поэмасында аса көркем дәрежеде суреттеледі.

*Бір ұры бұл ботаны ұрлап алты,
Бай дағы, бақташы да*

білмей қалыпты.

*Ботаны ел аулаққа буып тастап,
Енесін керуенге әкеп сатты.*

*Боздағыр ботасына зар илеген,
Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.
Екі көз жасты өрендей сорғалатып,
Төрт табан құмды қосып*

нан илеген...

«Жетім бала» — Қасында ата-анасы, басында баспанасы жоқ, қақырығы түтеген, көрінгеннен түрткі көрген баланың өмірін бейнелейді.

«Жетім қыз» — Ата-анасынан ертерек айырылып, жетімшілік жағдайға душар болған қыз інісін ертіп, басқа ауылға кетпекші болады. Жолда келе жатып бір өзеннен өткен уақытта інісі суға кетіп қалады. Бұл күй сондағы інісін жоқтаған қыздың зары деседі.

«Жорға аю» — «Бір мерген аю атуға кетеді. Оның артынан әкесіне көрінбей кішкене баласы ереді. Бірақ, бала әкесінен көз жазып, адасып қалады. Адасқан бала аюға тап болады. Аю баланы өлтіреді. Мерген оның ізіне түсіп іздеп келе жатып, баланы өлтіріп, жерге көміп жатқан аюдың үстінен шығады. Мерген аюды атады. Оқ тиген аю қашады. Жүрісі аттың жорғасына ұқсайды. Содан барып күй «Жорға аю» атанады (Ғасырлар пернесі, 261 бет).

«Көк бұқа» — «Халық арасына тараған аңыз былай дейді: «Ертеде көл жағалай отырған бір елдің малын жау айдап әкетеді. Көп сиырдың ішінде бір көк сиыр бар екен. Барған жерде ол бір еркек бұзау туады. Ол маңына ешкімді жолатпайтын, өте сүзеген болып өседі. Сондықтан басқа малдан бөлек бағылады екен. Бір күні сиырға қасқыр тиеді. Бірақ, көк бұқа қасқырларды сүзіп, ауылдан адамдар келгенше бар малды сақтап қалады. Бір күні көк бұқа басын жоғары көтеріп, жан-жақты иіскеlep, мойнын шапқыншылыққа ұшыраған ел жаққа бұрады. Сонан соң бар малды бастап, аман- есен өз еліне алып келген екен», дейді («Ғасырлар пернесі», 264бет).

«Күйсандық» — Қазақ елі граммофонды бірінші көргенде күй сандық деген атау береді.

«Өрелі көк» — Ертеде бір кедей бай ауылында болатын бәйгеге жүйрік көк атын қосуға келеді. Түнде өрелеп қоя берген атын өлдекімдер ұрлап кетіпті. Таңертең кедей байғұс ауыл адамдарының «Өрелі көк көрдіңдер ме?» деп сұрастырса, ешкім көрдік деп айтпапты. Сонда маңдайға басқан жалғыз атынан айырылған әлгі байғұс қолына сыбызғысын алып зарлапты. Сол бір кедей зарын халық «Өрелі көк» деп атап кетіпті.

«Сары өзен» — Бұл күйдің екі түрлі нұсқасы бар. Оның біріншісі жөнінде М.О.Әуезов айтып берген (М.О.Әуезов. Әр жылдар ойлары, 104-бет). «Саймақтың «Сары өзен» күйі тамаша бір аңыздың негізінде алынған. Саймақ қалмақтарға тұтқынға түседі. Одан қалмақтың бір қызы екеуі қашады. Келсе, орнында ауылы жоқ. Сонда қыздың тілегі бойынша, ол өз қайғысын сыбызғы арқылы білдіреді».

Екінші нұсқасы 3. Қоспақовтың сыбызғыға арналған күйлерге берген түсінігінде келтіріледі: «Сары өзен бойын жайлаған ел оның халыққа берген байлығына алғыс ретінде осы күйді шығарса керек».

Отанымызға қауіп төнгенде қару алып, елін қорғаған, бейбіт күнде ауыл аймақтың қамын ойлаған, сазды әуенді күй ойнаған Оспанғали атамиздың қалдырған еңбегі жастардың рухани тәрбие алуына игі әсерін тигізеді деген сенімдеміз.

**Оралғазы Қажаяв,
аудандық мұражай директоры.**

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА КІРГЕН
ҚҰСТАРДЫ ҚОРҒАУ БАСТЫ
МІНДЕТІМІЗ

Катонқарағай МҰТП-нің өзен-суларының бойындағы жартастарда мекендейтін, сирек кездесетін құстың бір түрі - лашын.

Лашын - Антарктидадан басқа барлық материктерде кездесетін жыртқыш құс. Көлемі және түсінің ерекшеліктеріне қарай 17 түрі бар. Бұл құс әлемдегі ең шапшаң құс. Мамандардың болжамы бойынша ол сағатына 322 шақырым ұшады. Лашынның қорегі: көгершіндер, үйректер, торғайлар, суда жүзетін құстар және т.б.


Оның ұзындығы 34-50см, қанаттарын жайғандағы ұзындығы 80-120см. Салмағы 910-1500гр.

Катонқарағай өңірінде Бұқтырма өзенінің бойындағы

жартастарда ұя салып мекендейді.

Лашын- сирек кездесетін құс болғандықтан «Қызыл кітапқа» енгізілген және де оны аулап саудалауға бүкіл әлемде тыйым салынған.

Мұндай сыңсыған керемет аң-құстарды қорғап, жасыл орманын, мөлдір бұлағын, көгілдір тауын мәпелеп, қамқорлығымызға алу әрқайсымыздың міндетіміз.



М.Мұсақанов,
«Катонқарағай
МҰТП» Өрел филиалының
орман қорғау инженері.

Көкбояу туралы не білеміз?

Таңғажайып әсем табиғатымен талай жанды таң қалдырған өлкеміздің тылсым сыры әлі талай зерттеулерді қажет ететіні сөзсіз. Аттаған сайын алдыңнан кездесер әр бұта-қарағаны шындап зерттеген адамның томтомдап шығарар еңбектеріне арқау болатыны ақиқат.

Жергілікті тұрғындар ауданымызда өсетін жемістерді, емдік шөптерді ғылыми тұрғыдан зерттемесе де, дәрілік қасиеттерін күнделікті өмірлік танымдарының арқасында анықтап, бағзы заманнан бері қолданып келеді. Солардың біреуі – кәдімгі өзіміздің көкбояу. Бала кезімізде жаз ортасында бір-бір шелекті ала салып, тоғайға кіріп кетуші едік. Теріп жүргенде өзіне тән қышқыл дәмінен аса көп желіне қоймайтын шелек тола көкбояуды анамыз тазалап, екі есе қант салып, тілі дәм үйретін тосап жасай қоятын. Шөлдеп келгенде қайнаған суға бір екі қасығын салып жіберіп, тартып жіберсең, мандайыңнан тер бұрқ ете қалады-ау, шіркін.

Шыны керек, біз көкбояу деп атағанымызбен, бұл жемістің ғылыми атауы бөлегірек.

Ғаламторды парақтап отырсаң, көкбояудың орыс тіліндегі ғылыми атауы - жимолость (лат. Lonicera) екенін білесің. Бұл өсімдіктің 190-ға тарта түрі бар. Біздің жақта көбірек кездесетіні – жимолость голубая деген түрі.

Химиялық құрамы күрделі болып келетін көкбояу өсімдігі дәрумендерге аса бай. Оның қышқылтым дәмі аскорбин қышқылының (С дәрумені) көптігін білдіреді. Сондықтан, көкбояу – жастық пен сұлулықтың жемісі. Көкбояуды көп жағдайда ыстықты түсіру, қан қысымын төмендету, бастың ауырғанын басу, зәр шығару үшін қолданады. Әсіресе, дәрі қолдануға болмайтын аяғы ауыр немесе омырауда баласы бар әйелдерге дәрілердің орнын басуға көп көмегі тиеді. Көкбояу жемісінің инфарктпен ауырған адамдарды аман алып қалған сәттері де аз емес. Сондықтан, өне бойы түгел шипалы затқа тұнған өсімдіктерді бағалай білейік.

Эрнест Оралғазин,
Берел орманшылығының
орман шебері.

ТҮЗЕТУ

2016 жылдың 05 тамызындағы № 32 (7916) аудандық «Арай-Луч» газетінің 8 бетіндегі «Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі жариялаған конкурстың 2-ші жолын «Үлкен Нарын ауылындағы В.И.Ленин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» деп оқуларыңызды сұраймыз.

Аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі.

АСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

Ағымдағы, тамыз айының **20-жұлдызында сағат 12.00-де Топқайың ауылындағы** клубта аяулы әкеміз, атамыз Тоқтағанов Құдайберген Тоқтағанұлының бұл өмірден өткеніне жиырма жыл толуына орай оның аруағына арналып хатым бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарымызды, құда-жегжаттарымызды, достарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз

Ас иелері: жолдасы-Ғалия, балалары, немерелері.

Топқайың ауылының тумасы болған асыл анамыз **Қанипа Серғазықызының қайтыс болғанына бір жыл толуына орай 19 тамызда, сағат 12.00-де** ауылдық клубта құран бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарымызды, әріптес-терімізді, достарымызды, құдаларымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Асқа шақырушылар: балалары, немерелері

Құттықтаймыз!

Жұлдыз ауылының тумасы, Үлкен Нарын ауылының тұрғыны **Қылышбаев Тілеубек Нұрғожаұлын** 15 тамыз күні 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



*Құтты болсын келген 60 жасыңыз,
Алда талай биіктерден асыңыз.
Ортасында балалар мен туыстың,
Қуаныштан дариядай тасыңыз.*



Ізгі тілекпен: зайыбы – Мариәш, ұлдары – Ерік, Медет, Асхат, келіндері – Әлия, Эльвира, немерелері – Әдлен, Әлем, Әлмәди.

Көлік жүргізушілер назарына!

Бұрынғы автобаза маңында газ құю станциясы ашылды, баллондағы газдың бағасы - 1700 тг. Автомобильдердің кез-келген түріне итальяндық газ құралдарын орнатамыз.
Тел. 8777-654-34-54.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледж» КММ-не төмендегі мамандар қажет:

- Тігін ісі бойынша өндірістік оқыту шебері;
- Омарташылық бойынша өндірістік оқыту шебері;
- Ветеринария оқытушысы;
- Тарих оқытушысы;
- Жатақханаға тәрбиеші;
- Механик;
- Ағаш ұстасы (плотник).

Сонымен қатар, аграрлық-техникалық колледж 2016-2017 оқу жылына талапкерлерді қабылдауды жалғастыруда. 9 сыныптық біліммен келесі мамандықтар бойынша:

- Ауылшаруашылық өндірісінің тракторшы-машинисі. Оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай (қазақ

тілінде);

- Электромонтер. Оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай (орыс тілінде);

- Аспазшы. Оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай (орыс тілінде);

11 сыныптық біліммен келесі мамандық бойынша:

- Электромонтер. Оқу мерзімі – 10 ай (орыс тілінде).

Студенттерге жатақханадан орын беріледі, тамақтану тегін. Сонымен қатар, 16400 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді.

Ақпарат алу телефондары: 2-19-70; 2-16-65; 2-70-60.

«Катонқарағай аграрлық-техникалық колледж» КММ-нің өкімшілігі.

«Жамбыл орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет: тарих пәнінің мұғалімі - 1 бірлік, математика пәнінің мұғалімі - 12 сағат.
Тел: 8723425-03-39. 87785765071.

«Кектерек орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына декреттік демалыстағы мұғалімнің орнына ағылшын тілі пәнінің, музыка пәнінің (5 сағат) мұғалімі қажет. Қойылатын талаптар: жоғары немесе орта арнаулы білімі болуы шарт.
Телефон: 2-71-60; 87772846281.

«Үлкен Нарын ауылдық лицейі» КММ-не география пәні мұғалімі (орыс сыныптарына) – 12 сағат, тарих пәні мұғалімі (орыс сыныптарына) – 13 сағат, математика пәні мұғалімі (орыс сыныптарына) – 18 сағат.
Қосымша мәліметтерді 8-723-41-2-17-10, 8-723-41-2-91-04 телефоны бойынша алуға немесе төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады: Үлкен Нарын ауылы, Амангелді көшесі, 70 үй.

Тез арада **3 бөлмелі кірпіш үй** сатамын. 1986 жылы салынған, жалпы аумағы 53,3 ш.м. телефоны, ішінде суы, ауласында құдығы, шаруашылық құрылыстары, моншасы, бау-бақшасы бар.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Амангелді к-сі.
Тел: 87772596964; 8(72341)2-23-78.

Катонқарағай ауылында **төрт бөлмелі**, мансардасы бар, пайдалану аумағы 72,5 шаршы метр тұрғын үй сатылады. Үй қабырғалары қырналған ағаш бөренелерден тұрғызылған. Шатыры заманауи жабындымен жабылған. Үй ауласы кең, қоршаулары жаңа, әрі биік. Онда жаңа екі автотұрақ, монша және сарайлар орналасқан. Бағасы келісім бойынша.
Хабарласу телефондары: 87078571879 ; 872342-2-18-91.

Катонқарағай ауылында **төрт бөлмелі ағаш үй сатылады.** Жаздық ас үйі, моншасы, қора-қопсысы, картоп, көкөніс салатын үлкен жер телімі, жанында су арығы бар.
Хабарласу телефондары: 87751829736; 87777424097.

4 бөлмелі ағаш үй сатылады. Верандасы, моншасы және барлық шаруашылық құрылыстары, үлкен жер үлескесі бар. Мал ұстауға қолайлы.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын ауылы, Октябрьская көшесі, 7 үй.
Телефон: 2-95-11, 87779898060.

Үлкен Нарын ауылының орталығында орналасқан, еурожөндеуден өткізілген **4 бөлмелі кірпіш үй** сатылады.
Орталық жылу және су жүйесіне қосылған. Ағаш моншасы, көлік-жай, бау-бақшалық жері және барлық шаруашылық құрылыстары бар.
Мекен-жайы: Абылайхан к-сі, 121 үй.
Тел: 2-17-48; 87760877771.

Жалпы аумағы 82,2 шаршы метрді құрайтын **5 бөлмелі** еурожөндеуден өткізілген, ішінде санитарлық торабы бар үй сатылады. Моншасы, қора-қопсысы, үлкен жер телімі бар, мал ұстауға қолайлы жер, өзенге жақын. Бағасы 5 млн. теңге. Саудаласуға болады.
Сондай-ақ, жатын бөлме – 50 мың теңге, ас үй жиһазы – 50 мың теңге, теледидар – 5 мың теңге, солярка құятын бөшке (6-7м3) сатылады.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын ауылы, Сіліямов к-сі, 77 үй.
Тел: 2-12-42; 87779878080.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2463 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1033. № 7821

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жанар Рахимбаева Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Касымханова
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru